

*МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ
ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ*





**Асқар Серкәлұлы
Жұмаділдаев**

Асқар Серкүлұлы Жұмаділдаев

25 ақпан 1956 жылы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кентінде дүниеге келді.

Белгілі қазақстандық ғалым және қоғам қайраткері, физика-математика ғылымдарының докторы (1988), профессор (1990), Қазақстан ҰҒА-ның академигі, 12-шақырылған Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің және 13-шақырылған Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің депутаты.





Ғылыми дәрежелері:

- 1) 1981 ж. — физика-математика ғылымдарының кандидаты (КСРО Ғылым академиясының В.А. Стеклов атындағы математика институты, Мәскеу);
- 2) 1988 ж. — физика-математика ғылымдарының докторы (КСРО Ғылым академиясының В.А. Стеклов атындағы математика институты, Ленинград бөлімі). Тақырыбы: Оң характеристикалы Ли алгебраларының когомологиялары және оның қолданылулары. Ғылыми жетекшісі: Алексей Кострикин;
- 3) 1990 ж. — Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры;
- 4) 1995 ж. — ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі;
- 5) 2004 ж. — ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі.



Шетелден алған шақыртулары:

1988 ж. – Гамбург университеті (2 ай);
1995-1996 жж. – Мюнхен университеті (18 ай);
1997, 1998, 1999 жж. – Бильфельд университеті (4 ай);
1997 ж. – Ньютон институты, Кембридж, Ұлыбритания (4 ай);
1998, 2001, 2002, 2003 жж. – Теориялық физиканың халықаралық орталығы, Триест, Италия (9 ай);

1998, 1999 жж. – Миттаг-Лефлер атындағы математика институты, Швеция (9 ай);
1999 ж. – Киото университеті, Жапония (1 ай);
2000-2001, 2002, 2003 жж. – Стокгольм университеті, Швеция (6 ай);
2000 ж. – Оксфорд университеті, Ұлыбритания (1 ай);
2001 ж. – Филдс институты, Торонто, Канада (1 ай);
2001, 2002, 2003, 2005 жж. – Жоғарғы ғылыми зерттеулер институты, Бюр-сюр-Иветт, Франция (5 ай);
2002 ж. – Эрвин Шрёдингер атындағы Математикалық физика халықаралық институты, Вена, Австрия (1 ай);
2005 ж. – Макс-Планк атындағы математика институты, Бонн, Германия (3 ай).

Қызықты деректер:

- *Қазақстан Тәуелсіздігі декларациясын, Қазақстан Тәуелсіздігі туралы Заңды, Қазақстанның тұңғыш Конституциясын, тұңғыш мемлекеттік рәміздерді қабылдаған депутаттардың бірі;*
- *«Болашақ» бағдарламасы туралы Президентке ұсыныс айтқан; Қазақстан Конституциясында Қазақстан Президенті қазақ тілін жетік меңгеру керек деген ұсынысты алғашқы рет енгізген;*
- *Қазақстанның Тұңғыш Президентінің жалақысын есептеген.*

Асқар Жұмаділдаевтің есебі

"Мен бұл есепті 60 жасымда ұсындым. Жауабын тапқан адамға 100 доллар беретінімді айттым. Бұл есеп: $-x!+1=y^2$. Содан бері жыл сайын 100 доллар қосылып, бүгінге дейін 1400 долларға жетті", - дейді ғалым. Ғалымның айтуынша, қазіргі жастардың потенциалы өте жақсы. Оның есебін шығарғандар бар екен. Бірақ қате болып шыққан.



